

2000 жылғы 9 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Өзара сауда-саттықта жанама салықтарды өндіріп алу қағидаттараты туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 955 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2000 жылғы 9 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Өзара сауда-саттықта жанама салықтарды өндіріп алу қағидаттараты туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы макұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Арман Ғалиасқарұлы Дунаевқа ресей тарабымен келіссөздер жүргізуге және уағдаластыққа қол жеткізгеннен кейін, қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан көрсетілген Хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

*Премьер-Министри
Жоба*

**2000 жылғы 9 қазанда жасалған
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Өзара
сауда-саттықта жанама салықтарды өндіріп алу
қағидаттараты туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы
Хаттама**

2000 жылғы 9 қазанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Өзара сауда-саттықта жанама салықтарды өндіріп алу қағидаттараты туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 8-бабына сәйкес бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі

Келісімге мынадай өзгерістер енгізу туралы келісті:

1. Келісімнің 3-бабы мынадай редакцияда жазылсын:
"3-бап. Тауарларды әкету кезінде салық салу қағидаты

Бір Тарап мемлекетінің кеден аумағынан әкетілетін және екінші Тарап мемлекетінің кеден аумағына әкелінетін, экспорттың кеден режиміне жатқызылатын тауарларға Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес нөлдік ставка бойынша жанама салықтар салынады . " .

2. Келісімнің 4-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Тауарларды әкелу кезінде салық салу қағидаты

Бір Тарап мемлекетінің кеден аумағынан әкетіліп, екінші Тарап мемлекетінің кеден аумағына әкелінетін тауарларға әкелінген елде оның ұлттық заңнамасына сәйкес жанама салықтар салынады . " .

3. Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

4. Осы Хаттама Хаттаманың күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар бойынша алған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап күшіне енеді және осы Хаттама күшіне енгеннен кейін тиелген тауарларға қатысты қолданылады.

200_ жылғы "___" қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының

Ресей Федерациясы

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК